

ӘОЖ 372.8

ҒТАМР 14.25.00

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.023>

ЕКІНШІ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТІЛАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУ

Аубакирова А.К.¹, *Тусупова Г.К.²

^{1,*2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Екінші шет тілін оқыту мәселелері, оны оқытудың теориялық негіздерін дамыту тұрғысынан да, оқыту тәжірибесінің тұрғысынан да зерттеушілер үшін өзекті болып қала береді. Ағылшын тілінің қоғамымызда жетекші орынға ие болуына қарамастан, неміс тіліне деген қызығушылық әлі де бәсеңдеген жоқ, бұл көптеген университеттердегі оқытушылардың назарының неміс тілін екінші шет тілі ретінде оқытуға ауысуын түсіндіреді. Мақалада ағылшын тілінен кейін екінші шет тілді оқытудың лингводидактикалық аспектілері көрсетілген. Негізгі зерттеу әдісі салыстырмалы талдау болды.

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектерге шолу екінші шет тілін оқытудағы контрасттық әдіс ең тиімді болып көрінетінін көрсетті. Оқыту тәжірибесіне сүйене отырып, неміс тілін екінші, ал бірінші ретінде ағылшын тілін мысалға ала отырып, бір тілдің екінші тілге оң әсері де, одан туындайтын кедергі де көрсетілген.

Контрастивті лингвистика екінші шет тілін жақсы меңгеруге ықпал ететін тілдердегі айырмашылықтарды анықтауға және сипаттауға көмектеседі және грамматикалық және концептуалды жүйелердегі сәйкессіздік жағдайларын түсіндіреді. Тілдік материалды беру стратегиясы және студенттердің алғашқы шет тілін меңгеру кезінде жинақтаған оң тәжірибесінің әсері көрсетіледі.

Тірек сөздер: екінші шет тілі, ШТ оқытудың әдістемесі, контрасттық тәсіл, интерференция, салыстырмалы талдау, алғашқы шет тілі, лингводидактикалық аспектілер, контрастивті лингвистика

Кіріспе

Контрастивті лингвистиканың тәсіл ретінде кең тарала басталуы, біздің көзғарасымыз бойынша, теория саласында да, шетел тілдерін оқытуда да негіз болуымен байланысты. Бұған негіз: ғылыми бағыт ретінде Р. Ладоның [1] идеясы жүзеге асты, практикалық бағытта жаңа тілді оқыту әдістемесін әзірлеуге үлесі қосылды. Салыстырмалы талдаудың кең қолданысының себебі, біздің ойымызша, шетел тілін оқыту үрдісін оңтайландыру мақсатымен жүзеге асырылуының жақсы нәтижелерінде.

Өткен ғасырдан келе жатқан бұл идея қазіргі таңда тілдерді салыстыра отырып зерттеу өзінің тиімділігін көрсетті деген лингвистика саласының ғалымдармен толықтай келісуге болады [2, 15 б.]. Бұған негіз деп біз салыстыру барысында кез келген тілдік элементтерін қарастыру тәсілдері жүзеге асуын санаймыз.

Сонымен қатар, біздің ойымызша, контрастивті лингвистиканың жетістіктері зерттеу барысындағы нәтижелерді кең қолданудың тиімділіктерін арттыру жолдарын ұсынады деп қарастырамыз, үйткені шетел тілін оқытуда практикалық мүмкіндіктер мен кедергілерді атап көрсетуді айқындайды.

Біздің бұл салаға назар аударуымыз Қазақстандағы білім берудегі заманауи аспектілердің бірі бүгінгі күні зерттеушілік құзыреттілікті дамытуды көздейтін зерттеуге бағытталған білім берумен байланысты. Білім беруде туындаған мәселелерді оқытушының шеше білу және тәжірибесін жетілдіру қажеттілігі, ғылыми теорияларға негізделген қолайлы зерттеулерді және олардың нәтижелерін талап етеді [3, 128 б.]. Екінші шет тілін оқыту үрдісі мен тәжірибесі де қазіргі таңда Қазақстанға тән мәселе.

Ағылшын тілінен кейін неміс тілін оқыту үрдісінде интерференциялық құбылыстар байқалады. Интерференцияның позитивті оң түрі де жиі кездеседі. Студенттерде саналы көзқарасты қалыптастыра отырып, тасымалдаудың жағымсыз салдарын бақылау арқылы шетел тілін оқытудың тиімділігін арттыру мағызды.

Сонымен қатар оқу материалдарын мазмұндық жағынан ұтымды өңдеу, әсіресе бастапқы кезеңде, жаңа тілді оқи бастағанда тілді меңгеруде жақсы нәтижелерге әкеледі [4]. Әдістемелік жағынан мазмұнды өңдеуде біз регионалды контентті қарастыра отырып, ағылшын тілінде өткен мәтіндерінің құрылымын қолданып, сөйлемдерді құрастыру, есте сақтау үрдістерін оңайраттық.

Уақыт өте келе бірінші шетел тілінің әсері азаяды.

Біздің ойымызша әр үрдісті педагогикалық басқару арқылы керекті жаққа бағыттауға болады.

Бірінші қадам: қажетті стратегиялар әдістемелік әдебиеттерден іріктеп алынды.

Екінші қадам: қарастырылып отырған екі тілдің салаларындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарына байланысты сараптау жасалды. Мысал келтірер болсақ, ағылшын және неміс тілдері туыс тілдерге жатады, сөздік қорда оң тасымалдауға жағдай жасайды: seminar – das Seminar, innovation – die Innovation.

Үшінші қадам: Сараптауға байланысты, интуитивті тасымалдау оқытуда оң әсерін тигізері анық болғандықтан, интуитивті тасымалдауға жол беріп, оқытуда сыртқы сүйемелдеусіз бұрын алған білімін пайдалана алатын мүмкіндігі болатын ситуацияларды қолдану. Бұл стратегияны қолдану ағылшын және неміс тілдері бір тіл семьясына жататындығымен, тілдердің тарихи жақындығына және неміс тілінде англицизмдердің көп қолданылатынына байланысты.

Сонымен қатар тілді меңгеруде бақыланатын тасымалдаудың әсері зор. Бақыланатын тасымалдау қажетті когнитивті қолдауды құрумен тілдік құрылымдарды саналы түрде салыстыруды көздейтін стратегиясының арқасында жүзеге асты: қарастырылып отырған тілдердің лексикалық және грамматикаларындағы айырмашылықтарға байланысты.

Келесі стратегия ретінде жартылай бақыланатын тасымалдау стратегиясы қолданылды: студенттерді бағдарлауды тілдегі қажетті түсініктермен қамтамасыз еткеннен кейін сөйлеу түрлерін үйрету жүзеге асырылды.

Сонымен қатар жаңадан үйретілуіндегі тілге тән ерекшеліктер оқу үрдісінде жеке қарастыруды талап етеді. Мысалы, тіл аралық омонимдер, түсінбеушіліктерге әкелуі мүмкін.

Екінші шетел тілі ретінде неміс тілін ағылшын тілінен кейін оқытуда жоғары тиімділікті көрсетті. Шетел тілін оқытудағы әдістемесінің негізгі қағидаларының бірі болып саналатын саналық қағидасының жүзеге асуының нәтижесі.

Осы мақала аясында студенттердің ағылшын тілін бірінші шетел тілі ретінде үйрену үрдісінде алған тәжірибеге сүйене отырып неміс тілін оқудағы тиімділігі зерттеледі. Контрасттық тәсілдің бұл жағдайдағы жаңа шетел тілін меңгерудегі оң нәтижелерге қол жеткізудегі жолдары айқындалады.

Қазіргі уақытта екінші шетел тілін білу қажеттілікке айналып, оны оқытуға деген қызығушылық артып отыр. Осыған байланысты ғалымдардың екінші шетел тілін, атап айтқанда неміс тілін, оқыту әдістемесі мәселелеріне зерттеушілік назары аса түсуде.

Екінші шетел тілін үйрену мәселесі ғылыми әдебиеттерде тілдік өзара әрекетке және саналы салыстыруға қатысты аспектілер арқылы қарастырылады.

Біздің ойымызша, шетел тілін меңгеру кезінде студенттер әдетте, саналы немесе бейсаналық түрде оның элементтерін ана тілімен, немесе бұрын оқыған тілімен салыстырады. Бұл құбылыс салыстырмалы әдісті тиімді қолданыс құралдарының біріне айналдырды.

Орындалып отырған зерттеуде неміс тілін ағылшын тілінен кейін екінші шетел тілі ретінде оқытудағы салыстырмалы әдістің мүмкіндіктерді талданады.

Материалдар мен әдістер

Әр зертеуші салыстырмалы лингвистиканы, контрастивті әдісті спецификалық мәселеге байланысты қарастырса да, негізінде зертеулер салыстырылатын тілдердің ерекшеліктерінің дидактикалық маңызын көрсетеді [5], [6], [7], [8], [9].

И.Ф. Исенованың жұмысында лингводидактикалық сипаттың қолданбалы маңыздылығын атап көрсетілумен қатар, контрастивті лингвистиканың пәнін екінші тілді жақсы меңгеруге ықпал ететін тілдік ерекшеліктерді анықтауға және грамматикалық, тілдік жүйелердегі айырмашылықтарды түсіндіруге көмектесетін салыстыруларымен “ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы №2 (77) 2025

анықтайды [10, 73 б]. Екінші тіл ретінде біз екінші шетел тілін меңгеру үрдісін қарастырдық.

Біз контрастивті лингвистиканың жетістіктерін, бұл саладағы зерттеулерді: Э.Д. Сулейменованың (1996), И.Ф. Исенованың (2007), Л.К. Жаналинаның (2005), Н.В. Багратованың (2005), И.Л. Бимның (2001), Б.А. Лapidустың (1973), А.А. Леонтьевтің (1997), И.А. Стернинаның (2006) қарастыра отырып, оқу материалдарын дайындауда екі қарастырылып отырған тілдердің салаларындағы тілдік зерттеулердің де материалдары қолданылды: А.В. Щепилованың (2005), У. Хиршфельдтің (2000), Г. Нойнердің (2009).

Нәтижелер

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, екінші курста екінші шетел тілі пәнінің басында жаттығулардың әр түрлерін, соның ішінде ойынды, белсенді қолдану студенттердің екінші шетел тіліне деген қызығушылығын аттырды. Ағылшын тілін бірінші шетел тілі ретінде оқығанда қолданылған жаттығулардың көптеген түрлері оларға таныс болғандықтан, неміс тілінің материалдарымен жұмыс формалары тиімділігі қол жетімді болды, неміс тілінің лексикалық және грамматикалық қорының тезірек меңгерілуін қамтамасыз етті, белсенді сөздік қорының қолдану жиілігін көтерді.

Жаттығулар мен екінші шетел тілінің тілдік материалдарымен жұмыс ұйымдастыру формаларын кез келген лексикалық тақырыптың аясында ұйымдастыруға болатындығыда нәтижелердің жақсы болуына ықпалын тигізді. Мысалдар ретінде „Сынған телефон“ ойынын келтіруге болады:

Студенттер оқытушы айтқан сөзді ретімен сыбырлап келесіге айтады. Ойын нұсқасы командада жұмыс іс теуді қамтиды: сөз ақырын айтылады, соңғы қатысушының міндеті өзді қаттаы даусын шығарып айтуда. Тезірек және қатесіз орындаған команда жеңеді. Студенттерде қайталау арқылы неміс тілінде тұрақты дыбыстау қалыптасып, жаңа лексикалық бірлестіктерді есте сақтау жүзеге асады.

Келесі мысал ретінде „Lückentext“ жаттығуы кез келген лексикалық және грамматикалық тақырыпқа үйлеседі. Студенттерге толықтырулар еңгізу жүктеледі, келтіріліп отырған жаттығуда – тақырыпқа сәйкес келетін етістіктердің формаларын. Мәтінді толықтырғаннан кейін ырғақты екпінмен жеке немесе топпен дауыстап оқиды. Бұл дұрыс айтылуды автоматтандыруға және сөздік материалды бекітуге, грамматикалық материалды қайталауды қамтамасыз етеді. Бұл жаттығу түрінде кішкентай мәтіндер, тақпақтарды қолдануға болады:

Das ist ein Gedicht zum Thema „Freizeit“. Ergänzen Sie das Gedicht mit passenden Verben in richtiger Form im Präsens, danach muss jede Gruppe es laut vorlesen.

Benutzen Sie die folgenden Verben: tanzen, basteln, sammeln, malen, lernen, backen, fahren, singen, spielen.

Педагогикалық тәжірибе аясында құрастырылған жаттығулар оқу материалын жүйулеу және оны дұрыс ретке келтіру, оңтайлы бірізділігін құру мақсатында қалыптастырылып жатқан дағдылардың түрлері бойынша, мысалы, грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, жіктелді. Бұл тәсіл ағылшын және неміс тілдерінің салыстыру негізінде лингводидактикалық үрдісті құрылымдауға мүмкіндік берді, бірінші тілдің интерференциясын жеңуді жеңілдетті.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер университетінің екінші курс студенттерімен өткізілген сабақтарда қарастырылып отырған тілдердің айырмашылықтарын анықтауға және мүмкін болатын тасымалдау қателерін жоюға бағытталған тапсырмалар еңгізілді. Эксперименттік топта қолданылған тапсырмалардың мысалдары:

Кесте 1 - Бірінші тапсырма мысалы. Айтылу ерекшеліктері

ағылшын	неміс	комментарий
the	der	Артикуляцияларының айырмашылықтарын жеткізу, бірінші дыбысқа назар аударту.
culture	Kultur	Жабық буындағы дауысты дыбыстың айтылуындағы айырмашылықтарын, ағылшын тіліндегі –ture бөлшегінің айтылу ерекшелігін түсіндіріп, мысалдар келтіру.

Тапсырма аудио материалдарды тындап орындауға арналған.

Кесте 2 - Екінші тапсырма. Лексикалық сәйкестіктер

ағылшын	неміс	аудармасы
bus	Bus	
hotel	Hotel	
name	Name	
park	Park	
radio	Radio	
ring	Ring	
zoo	Zoo	

Тапсырма аудио материалдарды тындап, керекті жерде сөздікті қолданып орындауға арналған.

Үшінші тапсырма. **Мәтіндерді** салыстыру.

Студенттер ағылшын және неміс тілдеріндегі қысқа мәтіндерді талдайды, лексикалық және грамматикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді. Оларға келесі сұрақтар қойылады:

Қандай сөздер ұқсас?

Синтаксисте қандай айырмашылықтар бар?

Сұрақтар өтіліп жатқан лексикалық және грамматикалық тақырыптарға байланысты болады, мысалы:

Әр тілдердің мәтіндерінде артикльдер қалай қолданылады?

Төртінші тапсырма. **Параллель мәтіндер.**

Отбасына сипаттама тақырыбы бойынша мысал қарастырсақ, параллель мәтіндер негізінде студенттер ағылшын және неміс тілдерінің грамматикалық құрылымдары мен лексикалық бірліктерін салыстыруға сүйене отырып, өз отбасы туралы әңгіме құрастырады.


Бесінші тапсырма. **Мәдени сипаттарды салыстыру**

Мысал ретінде: Германия мен Ұлыбританиядағы „Рождество“. Дәстүрлерді зерттеу: Weihnachtsmarkt, Christmas pudding.


Сұрақтар: Ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Әр тілде қандай құттықтау сөздері қолданылады?

Эксперименттік оқытуға екі топ қатысты: бақылау және эксперименттік. Бақылау тобы дәстүрлі әдіспен оқытылса, эксперименттік топта контрастивті талдау тапсырмаларын қолданылды. Педагогикалық бақылау бізге келесі оң әсерді жазуға мүмкіндік берді: эксперименттік топтын білім алушылары оқу іс-әрекетіне, әсіресе ағылшын тілін оқу кезінде кездескен рөлдік жаттығуларға тезірек тартылды. Бұл материалды сақтаудың жоғары қарқының қамтамасыз етті.

2022-2023 оқу жылында өткен эксперимент нәтижелері диаграммада көрсетілген (төменде қараңыз).



Сурет 1 - Бақылау тобындағы нәтижелер



Сурет 2 - Эксперименттік топ көрсеткіштері

Дөңгелек диаграммада келтірілген мәліметтерге сәйкес бақылау тобындағы студенттердің үлгерімі көрсетілген кезеңде 10% -ға жақсарды. Сонымен қатар контрасттық тәсіл мен арнайы жаттығулар қолданылған эксперименттік топта өнімділіктің жоғарылауы 80% құрады.

Талқылау

Ағылшын тілді топтарда неміс тілін оқыту тәжірибесі көрсеткендей, бір шет тілін білу мен тәжірибесі екінші шет тілін меңгеруге оң әсер ететіні сөзсіз.

Қолданыстағы білім қорына, сондай-ақ бірінші шет тілін меңгеру тәжірибесіне сүйену, әріп-дыбыстық композицияны меңгеруден бастап күрделі сөйлемдер құруға дейін студенттерге сол ұқсастық бойынша екінші шет тілін меңгеруге көмектеседі.

Екінші шет тілін оқыту мәселесі мамандармен, соның ішінде Б.А. Лapidус, Н.В. Баграмова және Н.В. Барышников [11, б. 9] зертелінген. Бірнеше шет тілдерін меңгеру көп деңгейлі лингвистикалық және мәдени құзыреттілігі бар тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді деген зерттеушілердің пікірімен келіспеуге болмайды. Оқыту процесінде ойлау механизмдері белсендіріледі, тіларалық ассоциялар қабілеттері дамиды, жаңа концептуалды-семантикалық категориялар туралы хабардар болады [12], [13]. Бұл бізге екі шет тілін ғана емес, сонымен қатар «супралингвистикалық» құзыреттіліктерді де меңгерген көптілді тұлғаны аламыз деп болжауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интерференция жағдайында оқушылардың тілдік материалды жеткіліксіз меңгеруі қателіктерге әкеп соғуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Не нәрсеге назар аудару керек?

Айтылым дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару керек. Сөздердің көрнекі ұқсастығы студенттерді жаңылыстыруы мүмкін, өйткені неміс тілінде айтылу ағылшын тілінен айтарлықтай ерекшеленеді. Оқытудың басында фонетикалық ережелерді сенімді түрде бекітусіз студенттер ағылшын тілінен артикуляциялық үлгілерді қолдануға бейім. Мысалы: неміс тіліндегі j әрпі ағылшын тіліндегіндей емес, [j] (jenes – [je:nes]) ретінде оқылады; сөз басындағы s әрпі көбінесе [s] емес, [z] болып оқылады; [ae], [au], [oe] дифтонгтарының айтылуын де арнайы дайындықты қажет етеді. Грамматика саласында ағылшын және неміс тілдері арасындағы ұқсастықтардың болуы оқуды жеңілдетеді. Мұндай сәйкестіктердің мысалдары артикльдер: ағылшын және неміс тілдерінде де анықтауыш және анықталмаған артикль бар: a desk/der Tisch, the sky/ der Himmel.

Байланыстырушы етістік: She is polite/ Sie ist höflich. Күрделі етістіктер: неміс тілінде префикстер (anmachen) ағылшын фразалық етістіктеріне ұқсас (turn on). Модаль етістіктері: бір-біріне сәйкес келеді, оның үстіне екі жүйеде де модальды етістіктен кейін семантикалық етістік бөлшексіз қолданылады: I can not read./ Ich kann nicht lesen. You must not smoke./ Du musst nicht rauchen.

Күрделі грамматикалық құрылымды сөйлемдерде айырмашылықтар бар. Мысалы: ағылшын тілінде сөйлемнің қосалқы мүшелері инфинитивтен кейін келеді: I shoudn't get up early. Неміс тілінде инфинитивтен бұрын: Ich soll nicht frueh aufstehen. Екі тіл жүйесі де қажеттілікті немесе міндеттілікті білдіретін көмекші етістіктері бар конструкцияларды пайдаланады: Мен баруым керек / Ich muss gehen. Ұқсастықтар sein / to be етістіктерінің қолданылуында кездеседі: ырықсыз етіс формаларының жасалуында көмекші етістігі арқылы, одан кейін негізгі етістіктің өткен шақ есімі келеді. Бұрыс және дұрыс етістіктердің жалғау жүйесінде де байқалады: become-became - become, werden-wurde-geworden; begin-began-begun, beginnen – began - begonnen. Сын есімдердің салыстырмалы шырайларының жасалуын да сәйкестіктер көзге түседі:

Good/better/the best; gut/besser/ der beste.

Морфологиялық формалардың айырмашылығына қарамастан, студенттер құрылымдық параллельдерді тез анықтайды, бұл материалды иегеру динамикасына оң әсер етеді.

Жалпы санаттарға қарамастан, нақтылауды қажет ететін елеулі айырмашылықтар да бар. Мысалы, ағылшын тілінде кейс жүйесі жоқ, ал неміс тілінде төрт жағдай бар, бұл ағылшын тілінің аналитикалық құрылымына үйренген студенттер үшін қиын болуы мүмкін. Сөз тәртібі де әртүрлі: неміс тілінде етістік негізгі сөйлемде екінші және бағыныңқы сөйлемде соңғы болып тұрады, бұл ағылшын тілінің қарапайым құрылымына сәйкес келмейді. Өткен шақты оқығанда студенттер неміс тіліндегі haben көмекші етістігін жиі қате қолданады, ағылшын тіліндегі to have баламасын қарастырады. Дегенмен, неміс тілінде қозғалыс немесе күйді өзгерту етістіктері sein талап етеді (мысалы: Ich bin gelaufen, Ich habe gelaufen емес).

Осы грамматикалық сәйкестіктердің сөйлемде қолданылуына мысалдар келтірейік. Мысалы: *Mein Name ist Richard. — My name is Richard. Sie ist müde — She is tired.*

Сөздік қорын үйрену кезінде ағылшын тілі тірек бола алады. Мысалы, «Менің күн тәртібім» тақырыбын оқу кезінде оқушылар ұқсастық арқылы апта күндерінің атауларын біледі, мысалы дүйсенбі, жұма, жексенбі күндері екі тілде де ұқсас. Түстер де ұқсастықтарды көрсетеді: *violett-violet* тағы басқалар.

Тапсырмалардың бұл түрлері жұптық және топтық жұмыс үшін тиімді, студенттерді тілдерді мағыналы салыстыруға ынталандырады.

Әлеуметтік-мәдени салада айырмашылықтар бар: іскерлік хаттарды жазу кезінде ағылшын тілін оқыған студенттер құрылымдық элементтерді игергендіктен мекен-жай, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қолтаңба, дата мәліметтерінің ретімен таныс, сондықтан іскерлік хаттарды жазу дағдылары неміс тілінде оңай беріледі. Дегенмен, сыпайы үндеу формалары ерекшеленеді: ағылшын тілінде - *эмбебап* *Sіз*, неміс тілінде - *du* (бейресми) және *Sie* (сыпайы). Ым мен сәлемдесу де мәдени ерекшеліктерді көрсетеді. Германияда кездесу және қоштасу кезінде қол алысу жиі кездеседі, оның ішінде әйелдер де, ал Ұлыбританияда қол алысу сирек қолданылады. Оқыту стратегиялары тәжірибе алмасу арқылы ұйымдастырылуы қажет. Оқушылар бұрыннан үйренген стратегияларды жиі пайдаланады, мысалы: «Жоғарыдан жол» әдісі ретінде - диалог құрудың дайын үлгісін қолдану. «Төменнен жол» — бөлек тіл бірліктерін қарастырып жаңадан өзінің диалогын құрастыру.

Мұндай стратегиялар метакогнитивтік тасымалдау мүмкіндігін көрсетеді және контрасттық тәсілдің тиімділігін растайды.

Қорытынды

Бұл мақала екінші шет тілін үйрену барысында екі түрлі шет тілдің – неміс және ағылшын тілдерінің категориялық ерекшеліктерін талдау ретінде тіларалық салыстыруды қарастырады. «Тіларалық салыстыру» термині И.А. Стерниннің ойынша [8] тілдер арасындағы салыстыруға қарсы және оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында тілдік жүйелерді корреляциялау әдістерін қамтиды. Контрастивті лингвистиканы дидактикалық аспект тұрғысынан қарастыру неміс тілін ағылшын тілінен кейінгі екінші шет тілі ретінде оқытуда бұл тәсілдің мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Контрастивті талдауды қолдану грамматикалық және лексикалық құрылымдарды меңгеруді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар тіл үйренуге саналы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ екінші курсының студенттерімен жүргізілген эксперимент тіларалық салыстыру элементтерін қолданудың алынған

нәтижелердің жақсаруына және жаңа тілге тез бейімделуге ықпал етті. Бұл әдіс танымдық ресурстарды белсендіреді және мотивацияны қалыптастырады деп қорытынды жасауға болады. Осылайша, бірінші шет тілін үйрену тәжірибесіне сүйену және тілдерді жүйелі түрде салыстыру екінші шет тілді оқытудың тиімді әдісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Lado R. *Linguistics Across Cultures*. University of Michigan Press. – Michigan. - 1957. – pp. 6.

[2] Сулейменова Э.Д. *Казахский и русский языки: основы контрастной лингвистики*, - Алматы, - 1996. – 208 с.

[3] Kuchumova G., Sarsenbayeva A., Mukhamejanova Research-based teacher education in Kazakhstan: goals, practices and challenges// *Bulletin. Series: Pedagogical Sciences of KazUIR & WL Ablai Khan*. - 2025. - № 1 (76). - 126-150 p.

[4] Tazhitova, G., Kurmanayeva, D., Sagimbayeva, J., Tussupova, G., Ustelimova, N. *Regional Approach in the Content of English Language Instruction at the University Level: A Case of Kazakhstan* // *International Journal of Society, Culture and Language*. - 2021. - 9 (2). - 170–179 p.

[5] Гальскова Н.Д., Гез В.В. *Основы когнитивной лингвистики*. - М.: РГГУ, 2001.- 337 с.

[6] Птицына Т.Н. *Обзор современных теорий освоения второго иностранного языка* // *Вопросы методики преподавания в вузе*. - 2016. - № 5. - С. 19-20

[7] Ярцева В.Н. *Лингвистический энциклопедический словарь*. – М. - 1990.- 685 с.

[8] Стернин И.А. *Контрастная лингвистика: Проблемы теории и методики исследования*. – М.: «Восток-Запад». - 2006.- 206 с.

[9] Омашева Ж.М. *Сопоставительные и контрастные исследования в современной лингвистике*// *Материалы международной научно-практической конференции «Будущие исследования»*. – София: «Бял ГРАД-БГ» ООД. - 2011.- С. 18-21

[10] Исенова Ф.К. *Сопоставительное языкознание и контрастная лингвистика в современной языковой парадигме* // *Вестник КарГУ Сер. Филологическая*. - Караганда: КарГУ. - 2007. - № 1.- С. 71-77

[11] Милохова О.Н. *Обучение немецкому как второму иностранному языку на основе контрастного подхода*. – Пенза. - 2019. - 63 с.

[12] Dreyer H., Schmitt R. *Lehr- und Übungsbuch der deutschen Grammatik. Die neue gelbe*. – Max Huber Verlag, – 2017. – 391 S.

[13] Gerhard Neuner. *Deutsch als zweite Fremdsprache*. - Kassel-München. - 2009. - 176 S.

REFERENCES

[1] Lado R. *Linguistics Across Cultures*. University of Michigan Press. – Michigan. - 1957. – pp. 6.

[2] Suleimenova E.D. *Kazakhskij i russkij jazyki: osnovy kontrastivnoj lingvistiki* (Kazakh and Russian languages: foundations of contrastive linguistics). – Almaty, 1996. pp. 208 [in Rus.]

[3] Kuchumova G., Sarsenbayeva A., Mukhamejanova Research-based teacher education in Kazakhstan: goals, practices and challenges // *Bulletin. Series: Pedagogical Sciences of KazUIR & WL Ablai Khan*. – Almaty. – 2025. - № 1 (76). - pp. 126-150 [in Rus.]

[4] Tazhitova, G., Kurmanayeva, D., Sagimbayeva, J., Tussupova, G., Ustelimova, N. Regional Approach in the Content of English Language Instruction at the University Level: A Case of Kazakhstan // *International Journal of Society, Culture and Language*. - 2021, 9(2). - pp 170–179.

[5] Galskova N.D., Gez, V.V. *Osnovy kognitivnoj lingvistiki* (Fundamentals of cognitive linguistics). M., PRGU, - 2001. - pp. 337 [in Rus.]

[6] Ptitsyna T.N. *Obzor sovremennykh teorij osvoenija vtorogo inostrannogo jazyka* (Review of modern theories of mastering a second foreign language) // *Voprosy metodiki prepodavaniya v vuse*. № 5. – s. 19-20. - 2016 [in Rus.]

[7] *Linguistic encyclopedic dictionary* (Linguistic encyclopedic dictionary) / Ch. ed. V.N. Yartseva. – M., 1990. - pp. 685 [in Rus.]

[8] Sternin, I.A. *Kontrastivnaya lingvistika: Problemy teorii i metodiki issledovaniya* (Contrastive linguistics: Problems of theory and research methodology). Moscow: “East-West”. - 2006. - pp. 206 [in Rus.]

[9] Omasheva Zh.M. *Copostavitel'nye i kontrastivnye issledovaniya v sovremennoj lingvistike* (Comparative and contrastive studies in modern linguistics) // *Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferenzii «Бъдешите изследвания»*. – Sofija: “Bjal GRAD-BG” OOD. - 2011. - pp. 18-21 [in Rus.]

[10] Isenova F.K. *Sopostavitelnoje jazykoznanije i kontrastivnaja lingvistika v sovremennoj jazykovej paradigme* (Comparative linguistics and contrastive linguistics in the modern language paradigm) // *Vestnik KarGU. Ser. philologicheskaja*. – Karaganda: KarGU. – 2007. - № 1. -pp. 71-77 [in Rus.]

[11] Milokhova O.N. *Obuchenije nemezkomu kak vtoromu inosnrannomu jazyku na osnove kontrastivnogo podhoda* (Teaching German as a second foreign language based on the contrastive approach). – Penza. - 2019. - pp. 63 [in Rus.]

[12] Dreyer H., Schmitt R. *Lehr- und Übungsbuch der deutschen Grammatik. Die neue gelbe*. – München: Max Huber Verlag. - 2017. - 391 S.

[13] Neuner G. *Deutsch als zweite Fremdsprache*. – Kassel, München. - 2009. - 176 S.

МЕЖЯЗЫКОВОЕ СРАВНЕНИЕ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Аубакирова А.К.¹, *Тусупова Г.К.²

¹, ²ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. Проблематика обучения второму иностранному языку остаётся актуальной как в теоретическом, так и в практическом

аспектах. Несмотря на доминирующее положение английского языка, интерес к немецкому сохраняется, что приводит к усилению внимания к преподаванию немецкого как второго иностранного языка в вузах. В статье рассматриваются лингводидактические особенности обучения немецкому языку после английского. Основу исследования составили методы сравнительно-сопоставительного анализа и экспериментального изучения. Анализ научных источников подтвердил высокую эффективность контрастивного подхода, основанного на межъязыковом сопоставлении. На материале немецкого языка как второго и английского как первого показано положительное влияние первого иностранного языка на освоение второго, а также выявлены типичные случаи интерференции. Сравнение языковых систем способствует осмысленному усвоению грамматики, лексики и понятийных структур второго иностранного языка. Представлены методические решения по подаче материала, учитывающие опыт студентов, полученный при изучении английского языка, что обеспечивает успешное овладение программой в установленные сроки.

Ключевые слова: второй иностранный язык, методика преподавания ИЯ, контрастивный подход, интерференция, сравнительный анализ, первый иностранный язык, лингводидактические аспекты, контрастивная лингвистика

CROSS-LINGUISTIC COMPARISON IN TEACHING A SECOND FOREIGN LANGUAGE

Aubakirova A.K.¹, *Tussupova G.K.²

¹, *²L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Abstract. Issues of teaching a second foreign language remain relevant for researchers from two sides: developing the theory-based foundations of teaching and from the practice of teaching it. Despite the leading position of the English language in our society, interest in the German language still does not wane, which explains the shift in the focus of attention of teachers in many universities towards German language to be taught as a second language.

The article highlights the linguodidactic issues in teaching German as a second language after English. The main research method was comparative analysis. A review of scientific studies on the research topic demonstrated that this contrastive approach is the most effective in teaching the second language. Applying the German language as a second language and the English language as a first, based on teaching practice, both the positive influence of one language on the second and the resulting interference are demonstrated.

Contrastive linguistics helps to identify and describe differences in languages that contribute to better acquisition of a second foreign language and explain cases of inconsistency in grammatical and conceptual systems. The strategy for presenting language material and the influence of the positive experience accumulated by students when mastering their first foreign language are demonstrated.

Key words: second foreign language, method of teaching, contrastive approach, interference, comparison, first foreign language, the linguodidactic aspects, contrastive linguistics

Авторлар туралы мәлімет:

Аубакирова Айман Кайрловна – бірінші автор, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, шетел тілдері кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, aubakirova-aiman@mail.ru, ORCID - 0009-0003-9217.

Тусупова Гульден Кабдрашовна - автор-корреспондент, п.ғ.к., доцент м.а., шетел тілдері кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, tusgul@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-5011-4063.

Информация об авторах:

Аубакирова Айман Кайрловна – первый автор, к.п.н., ассоциированный профессор, Кафедра иностранных языков, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, aubakirova-aiman@mail.ru, ORCID - 0009-0003-9217.

Тусупова Гульден Кабдрашовна - автор-корреспондент, к.п.н., и.о. доцента, кафедра иностранных языков, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, tusgul@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-5011-4063.

Information about the authors:

Aiman K. Aubakirova – the first author, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of Foreign Languages, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Republic of Kazakhstan; aubakirova-aiman@mail.ru; ORCID - 0009-0003-9217

Gulden K. Tussupova – corresponding author, Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, Department of Foreign Languages, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Republic of Kazakhstan; tusgul@mail.ru; ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-5011-4063>

Мақала түсті: 8 қаңтар 2025